

Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 705 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/143 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабының 24-12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Үкіметінің

2012

жылғы

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

Республикасы

31

мамырдағы

№

705

қаулысымен

бекітілген

Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беру қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 24-12) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Қағидалар Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) бойынша әкімшілік органның Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген жабайы жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелу, одан тысқары жерлерге әкету үшін қажет рұқсат беру тәртібін белгілейді.

3. Қағидаларда мынадай негізі ұғымдар пайдаланылады:

1) үлгі – Конвенцияның 1, 2, 3-қосымшаларына енгізілген кез келген тірі немесе өлі жануар немесе олардың оңай танылатын кез келген бөлігі немесе

- 1) өтініш белгіленген нысан бойынша берілмеген;
- 2) ұсынылған құжаттарда дұрыс емес мәліметтер болған;
- 3) үлгілерді әкелу және әкету олардың тірі қалуына қатер төндіретін жағдайларда өтініш берушіге ғылыми қорытынды беруден бас тартылады.

Құжаттардың сәйкессіздігі жойылғанда өтініш беруші ғылыми ұйымға қарауға құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімінде құжаттар топтамасымен бірге өтініш бере алады.

8. Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алу үшін өтінім беруші қағаз нысанында не «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінің порталы арқылы электрондық нысанда әкімшілік органға мыналарды жібереді:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) құрылтай құжатының, мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін) анықтаманың немесе куәліктің*, сәйкестендіру нөмірімен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (дара кәсіпкер үшін), жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) көшірмелері;

ескертпе:* - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) жеке мақсаттарда әкетуді жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, осы әкетуді жүзеге асыру ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың көшірмесі;

4) үлгісі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға 1 және 2-қосымшаларға енгізілген жағдайда, экспорттауға рұқсаттың немесе кері экспорттауға сертификаттың көшірмесі;

5) ғылыми ұйым қорытындысының көшірмесі;

6) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтарының түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат беру үшін бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Әкімшілік орган өтініш келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде оны қарап, ғылыми ұйымның қорытындысы болған жағдайда рұқсатты

р е с і м д е у д і

ж ү р г і з е д і .

Үлгілерді әкелуге әкімшілік органға берілетін өтінішке экспорттауға рұқсаттың немесе кері экспорттауға сертификаттың көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2014 № 702 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1 0 .

М ы н а д а й :

- 1) өтініш белгіленген нысан бойынша берілмеген;
- 2) ұсынылған құжаттарда дұрыс емес мәліметтер болған;
- 3) осы Қағидалардың 4 және 8-тармақтарында көзделген құжаттар топтамасы толық көлемінде ұсынылмаған жағдайларда өтініш берушіге рұқсат беруден бас т а р т ы л а д ы .

Құжаттардың сәйкессіздігі жойылғанда өтініш беруші әкімшілік органға қарауға құжаттарды қабылдаудың белгіленген мерзімінде құжаттар топтамасымен бірге өтініш бере алады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Рұқсат осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі бланкіде ресімделеді, оған уәкілетті лауазымды адам қол қояды және әкімшілік органның м ө р і б а с ы л а д ы .

12. Үш данадағы (түпнұсқа және екі көшірме) рұқсат өтініш берушіге немесе өтініш берушінің сенімхаты бойынша басқа тұлғаға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес рұқсаттар беру журналына қол қойғызып беріледі.

Рұқсат сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнген жануарлар түрлері мен бекіре балықтарын, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсаттар беру үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат болған жағдайда беріледі, бұл ретте бюджетке мемлекеттік баж тиісті құжат берілгенге д е й і н т ө л е н е д і .

13. Рұқсаттың түпнұсқасы үлгімен бірге жүреді, рұқсаттың екінші данасын өтініш беруші кедендік декларациялау органына тапсырады, рұқсаттың үшінші данасы өтініш берушіде қалады.

14. Рұқсат осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген ақпаратты қамтиды және берілген сәтінен бастап алты ай бойы ғана үлгілерді әкелу мен әкету үшін п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

15. Әкімшілік орган берген рұқсаттың барлық көшірмелерінде олардың тек

қана көшірме болып табылатыны және құжатта атап өтілген жағдайларды қоспағанда, мұндай көшірменің бірде біреуі түпнұсқаның орнына пайдаланыла алмайтыны анық көрсетілуге тиіс.

Үлгілердің әрбір топтамасы үшін жеке рұқсат талап етіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1103 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Бұл орынды және мүмкін болған кезде әкімшілік орган үлгіні тануды жеңілдету үшін кез келген үлгіге ең сала алады. Осы мақсаттар үшін «ен» кез келген өшпейтін таңбаны, қорғасын пломбаны немесе бөтен адамдардың оны қолдан жасауы барынша қиын болатындай етіп орындалған үлгінің түпнұсқа екенін анықтаудың басқа да лайықты құралын білдіреді.

17. Рұқсатқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы

№ 7 0 5 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н

Ә к і м ш і л і к о р г а н н ы ң Қ ұ р ы п к е т у қ а у п і

т ө н г е н ж а б а й ы ф а у н а м е н ф л о р а

т ү р л е р і м е н х а л ы қ а р а л ы қ с а у д а

т у р а л ы к о н в е н ц и я қ о л д а н ы л а т ы н

ж а н у а р л а р т ү р л е р і н Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а у м а ғ ы н а ә к е л у г е

ж ә н е Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

а у м а ғ ы н а н ә к е т у г е р ұ қ с а т т а р б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ ұ р ы п к е т у қ а у п і т ө н г е н ж а б а й ы

ф а у н а м е н ф л о р а т ү р л е р і м е н

х а л ы қ а р а л ы қ с а у д а т у р а л ы

к о н в е н ц и я ж ө н і н д е г і ә к і м ш і л і к

о р г а н н ы ң ғ ы л ы м и ұ й ы м ы

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның

(дара кәсіпкердің) тегі, аты, әкесінің аты,

м е к е н ж а й ы

телефон мен факстің нөмірі)

Үлгілерді әкелуге, әкетуге ғылыми қорытынды алуға арналған ӨТІНІШ

Үлгілерді әкелуге, әкетуге арналған ғылыми қорытынды беруіңізді
с ұ р а й м ы н

(қажеттісінің астын сызу)

1	Әкелу, әкету мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар мен мұражайлар арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берулер, аңшылық олжалар және басқалар)	
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі	
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін - жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)	
4	Үлгілердің саны немесе салмағы	
5	Үлгілердің шығу тегі (табиғаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды және басқалар)	
6	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факстары (жеке тұлғалар үшін - үйінің мекенжайы, паспорттық деректері)	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы

№ 7 0 5 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н

Ә к і м ш і л і к о р г а н н ы ң Қ ұ р ы п к е т у қ а у і

т ө н г е н ж а б а й ы ф а у н а м е н ф л о р а

т ү р л е р і м е н х а л ы қ а р а л ы қ с а у д а

т у р а л ы к о н в е н ц и я қ о л д а н ы л а т ы н

ж а н у а р л а р т ү р л е р і н Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а у м а ғ ы н а ә к е л у г е

ж ә н е Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

а у м а ғ ы н а н ә к е т у г е р ұ қ с а т т а р б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Құрып кету қауіп төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция жөніндегі әкімшілік орган

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның

(дара кәсіпкердің) тегі, аты, әкесінің аты,

мекенжайы,

телефон мен факстің нөмірі)

**Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алуға арналған
ӨТІНІШ**

Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат беруіңізді сұраймын

(қажеттісінің астын сызу)

1	Әкелу және әкету мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар мен мұражайлар арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берушілер, аңшылық олжалар және басқалар)	
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі	
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін - жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)	
4	Үлгілердің саны немесе салмағы	
5	Үлгілердің шығу тегі (табиғаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды және басқалар)	
6	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факстары (жеке тұлғалар үшін - үйінің мекенжайы, паспорттық деректері)	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң


2012 жылғы 31 мамырдағы

№ 705 қаулысымен бекітілген

Әкімшілік органның Құрып кету қауіп төнген жабайы фауна мен флора

түрлерімен халықаралық сауда туралы
 конвенция қолданылатын жануарлар
 түрлерін Қазақстан Республикасының
 аумағына әкелуге және Қазақстан
 Республикасының аумағынан әкетуге
 рұқсаттар беру қағидаларына
 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.06.2014 № 702 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция (СИТЕС)	Т Ү П Н Ұ С Қ А Original	Convention on International Trade in Endangered Species of Wild Fauna and Flora (CITES)
Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Министерство окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан Ministry of Environment and Water Resources of the Republic of Kazakhstan 	Э к с п о р т Export	Қазақстан Республикасындағы СИТЕС әкімшілік органы Административный орган СИТЕС Республике Казахстан Management Authorities for CITES the Republic of Kazakhstan 010000, Ministry House, Orynbor 8, Astana city, Republic of Kazakhstan Tel.: (+7172) 743325 Fax: (+7172) 743300 
	И м п о р т Import	
	Р е э к с п о р т Reexport	
	Ө з г е л е р і Other	
Экспорттаушы / Реэкспорттаушы: Exporter / Re-exporter:	Р ұ қ с а т Permit №: Қорғаныш маркасы Security stamp №: Дейін жарам Valid until:	
И м п о р т т а у ш ы : Importer:	Ерекше шарттар Special conditions:	
Тірі жануарлар үшін бұл рұқсат тасымалдау шарттары СИТЕС ұсынымдарына, ал авиатасымалы жағдайында ИА қағидаларына сәйкес келгенде ғана жарам For live animals this permit is only valid if the transport conditions conform to CITES Guidelines for Transport of Live or, in the case of air transport, to the IATA Live Animal Regulations		

Р / с №	Кімге берілді	Үлгінің атауы	Саны	Қайда/ қайдан	Рұқсат берілген күн және нөмірі	Алушының Т.А.Ә., сенімхат	Алушының к
1							
2							
3							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК